## Астана қаласында адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 3-1-924қ қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 30 наурызда N 322 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 06-526қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.28 N 06-526қ қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" қаулысының 2-тармағын орындау барысында, тұлғаға қарсы қылмыстармен күресуді белсендіру және күшейту мақсатында, Астана қаласының әкімдігі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың ережелерін орындауға жауапты қалалық мекемелердің, ұйымдар мен қызметтердің басшылары Жоспармен қарастырылған іс-шараларды орындау үшін қажетті барлық шараларды қабылдасын.

3. Жоспардың үйлестірушісі Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімі болып белгіленсін.

4. Астана қаласының Қаржы департаменті Жоспардың іс-шараларын үстіміздегі жылдың бюджеті бойынша бекітілген қаражаттар және 2005 жылдың бюджетінде болжалған қаражаттар шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Астана қаласының әкімі*

Визалар:

## Астана қаласы әкімдігінің "Астана қаласында адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар туралы" қаулысына келісім парақ

*Астана қаласының прокуроры*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Ішкі істер бас басқармасының бастығы*

*Астана қаласы Қаржы департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Әділет департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Қаржы полициясы департаментінің бастығы*

*Астана қаласы Ішкі саясат департаментінің директоры*

*Астана қаласы Білім департаментінің директоры*

*Астана қаласы Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментінің директоры*

*Астана қаласы Көші-қон және демография басқармасының бастығы*

*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Астана қаласы бойынша департаментінің директоры*

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 3-1-924қ қаулысымен бекітілді

## Астана қаласында адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындаушылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қала тұрғындарын БАҚ арқылы адамдарды сатуға қарсы күрес шаралары | Қала әкімді. гіне | ІІББ, Ішкі саясат департаменті, | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туралы ақпараттандыру. | ақпарат | ҰҚКД (келісім бойынша) | |
| 2. | Шетелдерде жұмысқа орналасудың заңды талаптарын толық түсіндіре отырып, БАҚ арқылы ақпараттық компаниялар ұйымдас. тыру және жастарды одан әрі сату және оларды пайдалану үшін шетелдерге әкету мақсатындағы заңсыз іс-әрекеттерді анықтау. | Қала әкімді. гіне ақпарат | ІІББ, Ішкі саясат, Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменттері, ҰҚКД (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлі. гінің Астана қаласы бойынша департаменті (келісім бойынша). | 2004-2005 жылдардың 2-тоқсаны |
| 3. | Қаланың жоғарғы және орта оқу орындарында мемлекет. тік органдардың, діни және қоғамдық ұйымдар. дың қатысуымен "Адамдарды сатуға қарсы әрекет" тақырыбында семинар-лекциялар өткізу. | Қала әкімді. гіне ақпарат | Білім, Ішкі саясат департаменттері, ІІББ, қаланың прокуратурасы (келісім бойынша), ҰҚКД (келісім бойынша). | Сәуір, қазан жыл сайын |
| 4. | Астана қаласына шетел азаматтарының заңсыз көшіп келуіне бақылауды күшейту. | Қала әкімді. гіне есеп | ІІББ, ҰҚКД (келісім бойынша), Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департа. менті, Көші-қон және демография басқармасы (келісім бойынша), | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша департа. менті (келісім бойынша) | |
| 5. | Астана қаласына шетелдік азаматтарды жұмысқа тарту ұйымдарында, әсіресе, көші-қон полициясы органдарында тіркеуге тексеріс жүргізу. | Қала әкімді. гіне ақпарат | ІІББ, ҰҚКД (келісім бойынша), Көші-қон және демография басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша департаменті (келісім бойынша). | Тұрақты |
| 6. | Коммерциялық, қоғамдық және діни ұйымдарда адамдарды сату үшін Қазақстан Республикасы. ның шегіне заңсыз шығарылуын тексеруді жүзеге асыру. | Қала әкімді. гіне есеп | ІІББ, Қала прокуратурасы (келісім бойынша), ҰҚКД (келісім бойынша), Ішкі саясат және Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеумет. тік қорғау департаменттері, Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің | Тұрақты |

Астана қаласы
бойынша
департаменті
(келісім бойынша)
7. Халықаралық туризм. Қала ІІББ, ҰҚКД Тұрақты
мен байланысы бар, әкімді. (келісім бойынша),
сондай-ақ шетелдерде гіне Еңбек, халықты
жұмысқа орналастыру ақпарат. жұмыспен қамту
қызметтерін көрсететін және әлеуметтік
Қазақстан Республика. қорғау
сындағы фирмалар мен департаменті,
ұйымдарға бірлескен Қазақстан
жоспарлық тексеріс Республикасы
ұйымдастыру. Еңбек, халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің
Астана қаласы
бойынша
департаменті
(келісім бойынша)
8. Балалар үйлерінде, Қала Білім департа. 2004 жыл.
баспаналарында және әкімді. менті, Қала дың 1
интернаттарында ер гіне прокуратурасы мамырына
баланы немесе қыз бірлес. (келісім бойынша), дейін
баланы асырап алудың кен ІІББ, ҰҚКД
заңдылығына бірлескен тексеріс (келісім бойынша),
тексеру жоспарын жоспары Көші-қон және
әзірлеу. демография басқар.
масы (келісім
бойынша), Қаланың
Әділет
департаменті
(келісім бойынша).
9. Шетелдік азаматтардың Қала Білім Тұрақты
асырап алған балаларын әкімді. департаменті
одан әрі бақылау. гіне
ақпарат
10. Мемлекеттік органдар. Қала Қала әкімі 2004 жылдың
дың адамдарды сатуды әкімді. аппаратының шілдесі

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болдырмау саласындағы құқық қолдану қызмет. терін талдай отырып, осы мәселені реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу. | гіне ұсыныс. тар | мемлекеттік-құқық бөлімі (жинақ), ҰҚКД (келісім бойынша), Қала прокуратурасы (келісім бойынша), Білім, Ішкі саясат және Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменттері, Көші-қон және демография басқар. масы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Астана қаласы бойынша департа. менті (келісім бойынша) |
| 11. | Құқық қорғау органда. рында адамдарды заңсыз сатуға қатысты ақпарат. тарды қабылдау үшін сенім телефонын құру, ол туралы БАҚ арқылы қала тұрғындарына жеткізу. | Қала әкімді. гіне ақпарат | Прокуратура (келісім бойынша), ҰҚКД (келісім бойынша), ІІББ, ҚПД (келісім бойынша). | 2004 жылдың мамыры |

---

*Астана қаласы әкімі аппараты мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК